

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 5, Number 363 (2016), 159 – 163

**A. E. Konurbaev, A. B. Bayeshov, A. S. Kadirbayeva, A. S. Mirishova**

«D. V. Sokolsky Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry», Almaty, Kazakhstan.  
E-mail: abibulla.kon@mail.ru, bayeshov@mail.ru, altinay\_aidyn2789@mail.ru, ardark\_zink@mail.ru

**ELECTROCHEMICAL BEHAVIOR OF ALUMINUM  
IN SULPHATE-CONTAINING SOLUTION AT POLARIZATION  
BY INDUSTRIAL ALTERNATING CURRENT**

**Abstract.** The electrochemical behavior of the aluminum electrode in a mixture of  $H_2SO_4$  and  $Na_2SO_4$  solutions at polarization of industrial alternating current with a frequency of 50 Hz is researched. We studied the influence of the main electrochemical parameters: current density, electrolyte concentration, temperature of the solution in the process of dissolving aluminum. By changing the current density on aluminum electrode in the range of 100-300  $A/m^2$ , aluminum dissolution of current output value increases linearly to 99,5-580%. A significant influence of the concentration of sodium sulphate to the current efficiency of aluminum dissolution is established. At concentration of the electrolyte comprising mixture of sulfuric acid and sodium sulfate of 75 g/l, the current efficiency of the dissolution of the aluminum electrode reaches a maximum value. The influence of the electrolyte temperature on the current efficiency of aluminum dissolution is examined.

It is shown that in mixed solutions of sulfuric acid and sodium sulfate at polarization by industrial alternating current of aluminum electrode, the aluminum sulfate (III) is formed. Thus, we developed a new electrochemical method for the synthesis of aluminum sulfate (III). The dissolution of aluminum with a high current output at polarization by industrial alternating current is defined.

**Keywords:** alternating current, sodium sulfate, sulphuric acid, electrolysis, aluminum, polarization.

ӨОЖ 541.1.38

**A. E. Конырбаев, А. Б. Баев, А. С. Кадирбаева, А. С. Мырышова**

«Д. В. Сокольский атындағы Жанармай катализ және электрохимия институты» АҚ, Алматы, Қазақстан

**ӨНДІРІСТІК ЖИЛІКТЕГІ АЙНЫМАЛЫ ТОҚПЕН  
ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАНҒАН АЛЮМИНИЙ ЭЛЕКТРОДТАРЫНЫң  
СУЛЬФАТ ИОНДАРЫ БАР ЕРІТІНДІЛЕРДЕГІ  
ЭЛЕКТРОХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ**

**Аннотация.** Жиілігі 50 Гц өндірістік айнымалы токпен поляризацияланған алюминийдің құрамында  $H_2SO_4$  мен  $Na_2SO_4$  бар аралас ерітіндісіндегі еру зандылықтары алғаш рет зерттелінді. Алюминийдің еруінің ток бойынша шығымына және еру жылдамдығына: айнымалы ток тығыздығының,  $Na_2SO_4$  концентрациясының, электролит температурасының әсерлері қарастырылды. Алдымен, айнымалы токпен поляризацияланған алюминий электродының еруінің ток бойынша шығымына электродтағы ток тығыздығының әсері зерттелінді. Ток тығыздығы  $100-300 A/m^2$  аралығында, металдың еруінің ток бойынша шығымы 99,5%-580% аралығында сзызықты түрде өсетіндігі анықталды. Аралас электролит құрамындағы натрий сульфатының концентрациясын 25-150 г/л аралығында жоғарылатқанда, алюминийдің еруінің ТШ-ы максимум арқылы ететіндігі анықталды. Сондай-ақ, алюминий электродының еруіне электролит температурасының да мәрдымды әсер ететіндігі көрсетілді.

Жұмыста алюминий электродын, құрамында күкірт қышқылы және натрий сульфаты бар аралас ерітіндіде еруі кезінде алюминий (III) сульфаты косылышының түзілетіндігі анықталды. Осылайша, алюминий (III)

сульфаты тұзын электрохимиялық жолмен синтездеудің жаңа тиімді әдісі жасалынды. Өндірістік жиіліктегі айнымалы тоқпен поляризациялау кезінде алюминий электродының жоғарғы тоқ бойынша шығыммен еритіндігі алғаш рет көрсетілді.

**Түйін сөздер:** айнымалы тоқ, натрий сульфаты, күкірт қышқылы, электролиз, алюминий, поляризация.


Стационарлы емес тоқтардың әсерімен металдардың еру процестерін бағытталған түрде жүргізіп, сонында олардың қосылыстарын алу мүмкіндігі белгілі. Әсіресе, айнымалы тоқпен поляризациялау кезінде пассивация құбылысы байқалмайтыны және тұрақты тоқтың әсерімен жүрмейтін көптеген процестердің жүруі мүмкін екені көрсетілген. Айнымалы тоқты қолдану өнеркәсіптің, техниканың әртүрлі салаларында кеңінен пайдаланылатын бірқатар металдардың тұздарын синтездеуді іске асыруға ықпал етіп келеді [1-8].

Алюминий электродының айнымалы тоқпен поляризациясы кезіндегі сулы ерітінділерде еруінің механизмдері бойынша бірқатар зерттеулер жүргізілген [9-13].

Алюминий сульфатын кебінесе коагулянт ретінде су тазарту процесінде қолданылады. Суға қосылған алюминий сульфатына аз мөлшерде эк суын қосса, онда коллоидты ерітінді -  $\text{Al(OH)}_3$  түзіледі. Осы гидроксид өзінің түзілу процесі кезінде судағы қалқымалы бөлшектерді, еріген металл иондары мен бактерияларды адсорбциялап, ірі тұнбаларға агрегацияланып, су түбіне шөктіреді [14-18], үлкен кезде судың мөлдірлігі жоғарылады.

Осыған орай, жұмысмызың мақсаты – алюминий электродтарын құрамында натрий сульфаты және күкірт қышқылы бар аралас ерітіндіде өндірістік жиіліктегі айнымалы тоқпен поляризациялау арқылы алюминий (III) сульфаты қосылысын синтездеу. Айта кетек, алюминий күкірт қышқылы ерітіндісінде анодты ерімейтіндігі белгілі.


Айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродының еруінің тоқ бойынша шығымына тоқ тығыздығының әсері 100-300 A/m<sup>2</sup> аралығында зерттелінді (1-сурет). Тоқ тығыздығы 100-300 A/m<sup>2</sup> аралығында жоғарылатқанда, алюминийдің еруінің тоқ бойынша шығымы 99,5%-580% аралығында Тафель тенденциесін сәйкес сындырылған түрде өседі. Одан басқа алюминийдің бетін қаптаған оксидтік пленкасының тұрақтылығы азайып, теріс потенциалға ие алюминийдің химиялық жолмен еруі күшіне түседі.



1-сурет – Айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминийдің еруінің тоқ бойынша шығымына электродтардағы тоқ тығыздығының әсері: 100 г/л  $\text{Na}_2\text{SO}_4$  + 50 г/л  $\text{H}_2\text{SO}_4$ ;  $\tau = 0,5$  сағ.  $t = 20^\circ\text{C}$


Стационарлы тоқтың электрохимиялық жолмен синтездеудің кезінде алюминийдің мардымды еруі байқалмайды. Қышқылдың және тұздардың сулы ерітіндісінде аз еритін немесе ерімейтін металдарды (мысалы, Ti, Mo, W, Au, Pd) айнымалы тоқ қатысында жоғары тоқ бойынша шығыммен еритіндігі біздің бұрынғы жұмыстарымызда көрсетілген [19-21]. Үлкен жағдай, стационарлы емес тоқтар арасында айнымалы тоқтың артықтықшылығын айқындаіт түседі.

Суда алюминий іс жүзінде ерімейді. Соңдай-ақ, алюминий фосфор қышқылына және сірке қышқылына тәзімді. Таза металл ыстық концентрлі күкірт және азот қышқылдарымен әрекеттеседі [22]:



Бірақ қалыпты жағдайда алюминий бетінде барлық уақытта болатын металл оксиді ( $Al_2O_3$ ) бұл (1) реакцияның жүруіне мүмкіншілік бермейді.

Айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродының еруінің ТШ-на ертіндідегі натрий сульфатының концентрациясының әсері зерттелінді. 2-суретте көрсетілгендей, натрий сульфатының концентрациясын 25 г/л-ден 150 г/л-ге дейін жоғарылатқанда, алюминийдің еруінің ТШ-ы максимум арқылы өтетіндігі анықталды. Натрий сульфатының концентрациясы 25-75 г/л аралығында, алюминийдің еруінің тоқ бойынша шығымы 119%-дан 135%-ға дейін артатындығын көрсетті. Ал, одан ары қарай  $Na_2SO_4$  концентрацияның өсуі алюминийдің еруінің ТШ-ның біртіндеп төмендеуіне экеледі. Сульфат иондарының концентрациясының өсуі металл бетінің тотық қабатымен қапталуына мүмкіншілік тудырып, оның реакцияга түсі бейімділігі төмендей түседі. Нәтижесінде алюминий электродының еруінің тоқ бойынша шығымы мен ертіндіде металл иондарының түзілу жылдамдығы төмендейді.




2-сурет – Айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродтарының еруінің тоқ бойынша шығымына аралас электролит құрамындағы натрий сульфатының концентрациясының әсері:  
 $i = 150 A/m^2$ ; 0,5 H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>;  $\tau = 0,5$  сағ.;  $t = 20 ^\circ C$

3-сурет – Айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродының еруінің тоқ бойынша шығымына аралас электролит температурасының әсері:  
 $i = 150 A/m^2$ ; 100 г/л +  $Na_2SO_4$  + 0,5H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>;  
 $\tau = 0,5$  сағ.

Айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродының еруінің тоқ бойынша шығымына аралас электролит (100г/л  $Na_2SO_4$ +0,5H<sub>2</sub>SO<sub>4</sub>) температурасының әсері 30-70°C аралығында зерттелінді (3-сурет). Аралас электролит температурасын 30-40°C-ге арттырында, алюминийдің еруінің тоқ бойынша шығымы 25-275% аралығында жоғарылады. Электролит температурасын одан ары қарай жоғарылату, тоқ бойынша шығымының төмендеуіне алып келеді. Бұл құбылысты жоғары температуларда алюминийдің бетінде тығыз оксид пленкалардың пайда болуымен байланысты деп болжай түсіндіруге болады.

Электролизден кейінгі электролит буландырылып, түбіне тұнған тұнбаны жуып, кептіру нәтижесінде түзілген ақ түсті ұнтақ рентгенофазалық анализ әдісімен зерттелінді. Рентгенофазалық анализ нәтижесінде түзілген ақ түсті ұнтақтың  $Al_2(SO_4)_3$  екендігін дәлелдеді. Барлық рефлекстер алюминий (III) хлоридінің фазаларына сәйкес: 1,75 Å<sup>0</sup>; 2,04 Å<sup>0</sup>; 2,67 Å<sup>0</sup>; 2,93 Å<sup>0</sup>; 3,53 Å<sup>0</sup>; 5,85 Å<sup>0</sup>. Электрохимиялық әдіспен алынған  $Al_2(SO_4)_3$  рентгеноGRAMMASЫН 4-суреттен көруге болады.

Сонымен, жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері, алюминий электродтарын құрамында күкірт қышқылы және натрий сульфаты бар аралас ертіндісінде өндірістік айнымалы тоқпен поляризациялау кезінде алюминий (III) сульфаты түзілтіндігі алғаш рет көрсетілді. Айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродының еруінің тоқ бойынша шығымына негізгі электрохимиялық параметрлердің (электролита тоқ тығыздығы, электролит концентрациясы,



4-сурет – Электрохимиялық жолмен синтезделген  $\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3$  түзілінген рентгенограммасы (ASTM 30-43)

электролит температурасы) эсерлери зерттелінді. Электролиздің оптимальды жағдайында алюминий (ІІІ) сульфатының түзілуінің тоқ бойынша шығымының максималды мәні 100%-дан жоғары болатындығы анықталды.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Баешов А. Электрохимические процессы при поляризации нестационарными токами // Известия НАН РК, серия химия и технологии. - 2011. - №2. - С.3-23.
- [2] Баешов А. Электрохимические методы извлечения меди, халькогенов и синтеза их соединений. Алма-Ата: Наука, 1990, 108 с.
- [3] Баешов А., Баешова А.К. Электрохимические способы получения неорганических веществ. - Lambert: Academic Publishing, 2012. - 72 с.
- [4] Никифорова Е.Ю., Килимник А.Б. Закономерности электрохимического поведения металлов при наложении переменного тока // Вестник ТГТУ. - 2009. -T15. - № 3. – С. 604-614.
- [5] Шульгин, Л.П. Электрохимические процессы на переменном токе. – Л. : Наука, 1974. – С.74.
- [6] A.S. Kadirkbayeva, A. B. Baeshov. Laws of Dissolution of Copper Electrodes Polarized by the Alternating Current in Solution of Potassium Iodide // Acta Physica Polonica A. 2015. - V 128. - № 2-B. - P. 458-460.
- [7] A. B. Baeshov, A.S. Kadirkbayeva, M. J. Jurinov. Dissolution of a copper electrode in sulfuric Acid at polarization by an industrial Alternating current. International Journal of Chemical Scince. Int. J. Chem. Sci.: 12(3), 2014. – P. 1009-1014.
- [8] Баешов А.Б., Кадирбаева А.С., Баешова А.К. Өндірістік айнымалы тоқпен поляризацияланған мыс электродының натрий сульфаты ерітіндісіндегі электрохимиялық қасиеті // «Мұнай-газ индустриясының инновациялық даму мәселелері» атты VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының енбектері, Алматы, 2015, - 409-413 б.
- [9] Баешов А., Мырзабеков Б., Сарбаева Г.Т. Алюминий электродтарын нейтрал оргада бір және үш фазалы айнымалы тоқтармен поляризациялау арқылы алюминий гидроксидін алу. «Промышленность Казахстана» журналы, Алматы, №2 (59), 2010. [10] Сарбаева М.Т., Баешов А.Б., Сарбаева Г.Т. Үш фазалы өндірістік айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродының наноразмерлі  $\text{Al}(\text{OH})_3$  түзе еруі // Химия және химиялық инженерия саласындағы жоғары білім мен ғылымның қазіргі мәселелері. «Халықаралық симпозиум материалдары». Алматы. 2013. -Б.134-140.
- [11] Баешов А. Б. Сарбаева М. Т. Сарбаева Г. Т. Өндірістік үш фазалы айнымалы тоқпен поляризацияланған алюминий электродының еруі // Материалы международной научно-практической конференции «Наука и образование в Центральном Казахстане». Караганда. 2013. - Б.
- [12] Қоңыраев А.Е., Баешов А.Б., Ибрағимова Г.Н., Мырышова А.С. Анодты импульсті тоқпен поляризацияланған алюминий электродының күкірт қышқылы ерітіндісіндегі еруі // КР YFA Хабарлары, 2016, №2. - Б. 5-10. [13] Қоңыраев А.Е., Баешов А.Б., Тащенов А.Е., Минтаева Г.А. Айнымалы тоқпен поляризациялау арқылы синтезделген темір, алюминий және темір-алюминий аралас коагуланттарының коагуляциялық қабілеттің зерттеу // КР YFA Хабарлары, 2016, №3. - Б. 34-40.
- [14] Баешов А.Б, Экология және су проблемалары.- Дәнекер. 2003. - 270 б.
- [15] И.Л. Кнуянис. М. Алюминий. Краткая химическая энциклопедия /Под ред. Изд-во Советская энциклопедия, 1961. Т.1. - С.147-159.

- [16] Кульский Л.А. Указания по применению смешанного алюминиевого коагулянта для обесцвечивания и осветления воды.- Изд-во Акад. Архитектуры УССР, 1985. - 16 с. [17] Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия: учеб. для вузов. – 4-е изд., испр. – М.: Высш. шк., Изд-во Центр Академия, 2001. – 743 с.
- [18] Запольский А.К., Баран А. А. Коагулянты и флокулянты в процессах очистки воды. Л.: Химия, 1987, 79. с. [19] Баешов А.Б., Сапиева М.М., Вигдорович В.И., Иттилеуов Ф.М. Өндірістік айнымалы тоқпен поляризацияланған титанның күрамында фторид иондары бар фосфор қышқылы ерітіндісіндегі электрохимиялық қасиеті // КР ҮФА Хабарлары, 2014, №1 (403). - Б. 7-10.
- [20] Баешов А.Б., Абдувалиева У.А. О влиянии различных параметров на электрохимическое поведение вольфрама в нейтральных средах при наложении промышленного переменного тока // Известия Научно-Техническое Общество «КАХАК», 2009, № 2(24). – С. 24-27.
- [21] Баешов А.Б., Иванов Н.С., Абдувалиева У.А., Баешова А.К., Конурбаев А.Е., Журинов М.Ж. Анодное поведение вольфрама в сернокислом растворе // Вестник НАН РК, 2011, № 2. – С. 29-31.
- [22] Лидин Р.А., Молочко В.А., Андреева Л.Л. Химические свойства неорганических веществ / под ред. Р.А. Лидина. – М.: Химия, 2000. - 480 с.

#### REFERENCES

- [1] Bayeshov A.B. *Izvestiya NAS RK*, 2011, 2, P. 3-23 (in Russ.).  
[2] Bayeshov A.B. Alma-ata: Nauka, 1990. – 108 p. (in Russ.).  
[3] Baeshov A. B. Baeshova A. K. Electrochemical methods of preparation of inorganic substances, Lambert, Academic Publishing, Germanija, 2012, - 7 p (in Eng.).  
[4] Nikifarova E.Y., Klimnik A.B. *Vestnik TGTU*. -2009. – Т. 15. – №3. – P. 604-614. (in Russ.).  
[5] Shulgin L.P. Elektrohimicheskie processi na peremennom toke. – L.: Nauka, 1974. – P. 74. (in Russ.).  
[6] Kadirkayeva A.S., Baeshov A. B.. *Acta Physica Polonica A*. 2015. - V 128. - № 2-B. - P. 458-460. (in Eng.).  
[7] Baeshov A. B., Kadirkayeva A.S., Jurinov M. J. *International Journal of Chemical Scince. Int. J. Chem. Sci.*: 12(3), 2014. – P. 1009-1014. (in Eng.).  
[8] Baeshov A. B., Kadirkayeva A.S., Baeshova A.K. *Konference*, Almaty, 2015. – P. 409-413. (in Kazakh).  
[9] Baeshov A.B., Mirzabekov B., Sarbaeva G.T. *Promishlennost Kazahstana*, Almaty, №2 (59), 2010. (in Kazakh).  
[10] Sarbaeva M. T., Baeshov A. B., Sarbaeva G. T. *Halikaralik simpozium materialdari*, Almaty, 2013. –P. 134-140. (in Kazakh).  
[11] Baeshov A. B., Sarbaeva M. T., Sarbaeva G. T. *Materiali konferencii. Karaganda*, 2013. –P. 176. (in Russ.).  
[12] Konurbayev A.E., Baeshov A.B., Ibragimova G.N., Mirishova A.S. *RK NAN Habarlary*, 2016, №2. –P. 5-10. (in Kazakh).  
[13] Konurbayev A.E., Baeshov A.B., Tashenov A.E., Mintaeva G.A. *RK NAN Habarlary*, 2016, №3. –P. 34-40. (in Kazakh).  
[14] Baeshov A. B. Ekologiya zhane su problemlarları. - Dameker. 2003. – 270 b. (in Kazakh).  
[15] Knunyans I.L., Aluminii. Izd-vo Sovetskaya incekipedia, 1961. T. 1. – P. 147-159. (in Russ.).  
[16] Kulskii L.A. Ukarzaniyu po premeneniyu smeshannogo aluimozhelezogo koagulznta dlya obescvechivanie i osvetleniya vodi. – Izd-vo Akad. Arhitektury USSR, 1985. – 16 p. (in Russ.).  
[17] Ahmetov N.S. Obshaya i neorganicheskaya himiya: ucheb. dlya vuzov. – 4-oe izd., ispr. –M.: Vish. shk., Iz-vo Centre Akademii. 2001. – 743 p. (in Russ.).  
[18] Baeshov A.B., Sapieva M.M., Vigdorovich V.I., Iztileuov G.M. *RK NAN Habarlary*, 2014, №1. –P. 7-10. (in Kazakh).  
[19] Zapsolkii A.K., Baran A.A. Koagulyanti i flokuliyanti v processah ochistki void. L.: Himiya, 1987, 79 p. (in Russ.).  
[20] Baeshov A.B., Abdualieva U. A. *Izvestiya Obshchestvo Kahak*, 2009, №2(24). –P. 24-27. (in Russ.).  
[21] Baeshov A.B., Ivanov N.S., Abdualieva U. A., Baeshova A.K., Konurbayev A.E., Jurinov M. J. *Vestnik NAN RK*. - 2011, № 2. – P. 29-31. (in Russ.).  
[22] Lidin R.A., Molochko V.A., Andreeva L.L. Himicheskie svoistva neorganicheskikh veshestv. – M.: Himiya, 2000. – 480 p. (in Russ.).

#### ЭЛЕКТРОХИМИЧЕСКОЕ ПОВЕДЕНИЕ АЛЮМИНИЯ В СУЛЬФАТОДОРЖАЩИХ РАСТВОРАХ ПРИ ПОЛЯРИЗАЦИИ ПРОМЫШЛЕННЫМ ПЕРЕМЕННЫМ ТОКОМ

**А. Е. Конурбаев, А. Б. Баешов, А. С. Кадирбаева, А. С. Мырышова**

АО «Институт топлива, катализа и электрохимия им. Д. В. Сокольского», Алматы, Казакстан

**Аннотация.** Исследовано электрохимическое поведение алюминиевого электрода в смеси растворов  $H_2SO_4$  и  $Na_2SO_4$  при поляризации промышленным переменным током с частотой 50 Гц. Изучено влияние основных электрохимических параметров: плотность тока, концентрация электролита, температура раствора на процесс растворения алюминия. При изменении плотности тока на алюминиевом электроде в интервале 100-300  $A/m^2$  величина выхода по току растворения алюминия повышается линейно до 99,5-580%. Установлено значительное влияние концентрации сульфата натрия на выход по току растворения алюминия. При концентрации электролита, содержащего смесь серной кислоты и сульфата натрия, равной 75 г/л, выход по току растворения алюминиевого электрода достигает максимальной величины. А также исследовано влияние температуры электролита на выход по току растворения алюминия.

Показано, что в смеси растворов серной кислоты и сульфата натрия при поляризации промышленным переменным током алюминиевого электрода образуется соединение сульфата алюминия (III). Таким образом, разработан новый электрохимический метод синтеза сульфата алюминия (III). Определено растворение алюминия с высоким выходами по току при поляризации промышленным переменным током.